

«Бекітемін»  
«Астана қаласы әкімдігінің  
«№109 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ  
директоры: 



Ж. З. Ермухамбетова  
« 04 » 09. 2025 жыл

2025 – 2026 оқу жылындағы «Астана қаласы әкімдігінің «№109 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс  
Жоспары

**Мақсаты:**

Білім беру мекемесінің мақсаттары мен міндеттерін, белгіленген функцияларын жүзеге асыруға жәрдемдесу, оны болашақта дамытуға қолдау көрсету; қаржылық және материалдық көмек көрсету; құқықтық қамтамасыз ету; білім беру мекемесінің, оның оқушылары мен қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау және қолдау.

**Міндеттері:**

Білім беру мекемесінің қаржылық және материалдық базасын нығайтуға және жетілдіруге жәрдемдесу.

Қабілетті және жоғары уәждемелі оқушыларды қолдау, олардың түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға қатысуына ықпал ету.

Мектептің әлеуметтік-мәдени іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге, оқу-тәрбие үдерісінің дамуына ықпал ету.

Білім беру мекемесінің қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін қосымша ресурстар тарту.

Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру, оқушылардың жағдайын жақсарту.

Өтілетін айы	Өткізілетін іс-шара	Жауаптылар
Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысы: Мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, төраға орынбасарын, хатшысын сайлау. Жарғысымен танысу. Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. «Мектепке жол» акциясының қорытындылары туралы.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы
Қазан	Оқу сапасы мен тәрбие ісіне көмек беру.	Қамқоршылар кеңес мүшелері

	Мұғалімдер күнін ұйымдастыруға атсалысу.	
Қараша	Қазақстан Республикасының Президенті мен Облыс Әкімінің атынан 2026 жылғы Жаңа жылдық шыршаларға қатысатын балалардың тізімін бекіту. Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу. Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларды кеңсе тауарларымен және киім-кешекпен қамтамасыз ету қорытындылары; «Қамқорлық» акциясына қатысу.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы
Желтоқсан	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына арналған сыйлықтар жинауды ұйымдастыруға көмек көрсету. Жаңа жылдық иллюминация орнату, жаңа жылдық костюмдер тігу. Мектепті Жаңа жыл мерекесіне орай безендіруді ұйымдастыруға жәрдемдесу.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы
Қаңтар	Оқушылар арасында салауатты өмір салтын	Қамқоршылар кеңес мүшелері

	<p>қалыптастыру және құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмысы. Оқу үдерісінің жағдайын жақсарту және оқушыларды медициналық қызметпен камтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жүргізу.</p>	
Ақпан	<p>Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылу күніне орай интернационалист-жауынгерлермен, кездесу ұйымдастыруға көмек көрсету. Мектеп әкімшілігімен бірлесіп өрт қауіпсіздігі бойынша теориялық және тәжірибелік оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу. Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысы Көктемгі іс-шараларды өткізу және оқушылардың каникул кезіндегі бос уақытын ұйымдастыру туралы ақылдасу.</p>	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, мүшелері
Наурыз	<p>Мектептің қосымша білім беру жүйесінің жағдайына баға беру және даму перспективалары. Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік бағдарламаға қатысу. Наурыз мейрамын атап өтуге арналған іс-шараларға қатысу.</p>	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, мүшелері

	«Жақсылық жасап үйренейік» акциясына қатысу.	
Сәуір	Мектеп ауласын және мектеп ғимаратын абаттандыруға қатысу.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, мүшелері
Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің №5 отырысы 2025–2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыс туралы есеп. Қамқоршылық кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмысын жоспарлау туралы. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және барлық есепте тұрған оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу туралы. Жеңіс күні мен Отан қорғаушы күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге қатысу. ҰОС ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, мүшелері
Маусым	Бітірушілер кештерін ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу.	Мектеп әкімшілігі Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, мүшелері